

Ф.7.02-10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M01560 - География

Тіркеу номері	7M01500009
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7M01 - Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M015 - Жаратылыстану пәндерінің педагогтарын даярлау
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	M015 - География педагогтарын даярлау
БББ түрі	Әрекеттегі
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	қазақ, орыс
БББ көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент 2025

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	ҚОЛЫ
Исаев Е.Б.	Кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., доцент	
Тасболат Байболат	Г.ғ.д., профессор м.а	
Кенжебай Р.Н.	п.ғ.к, доцент	
Өтеген Айжан	МЕР-24-15нк магистранты	
Жұбандықұлы Н	МЕР-24-15нк магистранты	
Тажекова А.Д	Ө.Жәнібеков ат.ОҚПУ «География» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.	
Нуржигитов С.Н	«Сайрам-Өгемен» мемлекеттік табиғи парк» директоры	
Сихымбаев А.Е	ООЭО «БИОС» ЖАҚСЫЛЫҚ ДИРЕКТОРЫ	
Пернебаев Ж.Д.	«ECOCENTRE- CONSULTING» ЖШС директоры	

Білім беру бағдарламасы «Жаратылыстану ғылымдары және педагогикасы» ЖМ, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды,

«14» 03 2025 ж, № 6 хаттама

АК (комитет) төрағасы Турсынбаев А.З

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«18» 03 2025 ж, № 4 хаттама

ОӘК төрағасы Е.И.Иманғалиев

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«21» 03 2025 ж, № 10 хаттама

МАЗМҰНЫ

1	Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы	4
2	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3	БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	8
3.1	БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	10
4	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	11
5	Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	26
6	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	27
7	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	28
	Келісу парағы	29
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	30
	Қосымша 2. Эксперттік қорытынды	32
	Қосымша 3. Кәсіби стандарттар.	34

1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау
Университет құндылықтары	<ul style="list-style-type: none"> - Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір; - Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады; - Академиялық еркіндік – тандау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет; - Серіктестік – барлығы жеңіске жететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру; - Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Бітіруші моделі	<ul style="list-style-type: none"> - Пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі дамыту; - Жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық-цифрлық сауаттылық және ұтқырлық; - Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект; - Кәсіпкерлік, дербестік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік; - Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	Географияны оқытудың инновациялық педагогикалық әдістемелерін ғылыми-педагогикалық білім берумен үйлестіре отырып, болашақ мамандықты жоғары бәсекелестікті қамтамасыз етумен анықталады.
Академиялық адалдық және этика саясаты	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы); – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (08.01.2025ж. №9-нқ бұйрығы); – Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. ҚР БжҒМ 30.10.2018 ж. №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығымен және ҒжЖБМ 24.06.2024ж. №307 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 3. ҚР БжҒМ 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 4. ҚР БжҒМ 20.07.2022ж. №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 04.03.2025ж. №90 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген; 5. ҚР БжҒМ 20.04.2011ж. №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» бұйрығымен және

	<p>ҒжЖБМ 29.04.2024ж. №203 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</p> <p>6.ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж. №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» және 20.06.2024ж. №207 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген</p> <p>7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығына қосымша</p> <p>8. ҚР ҒжЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, 04.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген</p> <p>9.ЖәнеЖООКББ МЖББС, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі 4 наурыз 2025 ж. №90 бұйрығы.</p> <p>10.Білім беру ұйымының педагогтарына арналған КС. ҚР Білім министрілігі бұйрығы, №31.24.02.2025,</p>
Білім беру процесін ұйымдастыру	<ul style="list-style-type: none"> • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру • Магистрантқа бағытталған оқыту • Қол жетімділік • Инклюзивтілік
БББ сапасын қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі; • ББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту; • жүйелі мониторинг; • Мазмұн өзектілігі (жаңарту)
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	<p>ҚР БжҒМ 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген.</p>
Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары	<p>Ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметте өзін-өзі дамытуға бейім, сондай-ақ теориялық білімді жүзеге асыруға қабілетті, жалпы географиялық заңдылықтарды зерттеуде инновациялық технологияларды қолдануға қабілетті жоғары білікті магистрлерді даярлау.
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - География саласында ғылыми-педагогикалық бағытта толыққанды және сапалы білім алатын, тереңдетілген кәсіби біліктілігі, теориялық және практикалық білімі бар магистрлерді жеке даярлау; - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу арқылы тұлғаның интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік даму қажеттіліктерін қанағаттандыру; - Академиялық құндылықтарды кәсіпкерлік идеялармен біріктіруге қабілетті жоғары оқу орындарында білім беру және географияны оқыту саласындағы білікті мамандар бойынша қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру; - Білім алушылардың кәсіби, мәдени және тілдік қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін қолайлы білім беру ортасын дамыту; - География және географияны оқыту әдістемесі және оның ғылыми-педагогикалық іс-әрекеттегі қосымшалары саласында фундаменталдық пәндер мен оларды шешудің практикалық әдістерін терең кәсіби түсінуді қалыптастыру; - География ғылымының қолданбалы және теориялық ғылым бағыттары бойынша білімін кеңейту; - Кәсіби қызметте қажетті географиялық зерттеулер мен бейінді пәндерді оқыту әдістемесі саласындағы іргелі білімді, дағдылар мен машықтарды қалыптастыру; - Жоғары оқу орнындағы, ғылыми-зерттеу институтындағы, өндірістегі кәсіби қызметіне немесе докторантурада оқуға дайындау; - Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі; • 7- біліктілік деңгейінің Дублин дискрипторлары; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	<p>Білім берудің салалық біліктілік шеңбері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық үшжақты комиссия отырысының 2016 жылғы «23» қарашадағы №2 хаттамасымен бекітілген.</p> <p>«Педагог» кәсіби стандарты (ҚР Білім министрінің м.а. 2025 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығы) - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін кәсіби стандарт (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы).</p>
Берілетін	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге

дәреженің атауы	«7M01560 - География» білім беру бағдарламасы бойынша «Педагогика ғылымдарының магистрі» дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	Оқытушы (ассистент); - ғылыми қызметкер - педагог-модератор - педагог-сарапшы - педагог-зерттеуші
Кәсіби қызмет саласы	- білім - ғылым - басқару
Кәсіби қызметтің нысандары	- Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық типтегі және түрдегі орта білім беру ұйымдары; - Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары; - Жоғары оқу орындары; - Ғылыми-зерттеу институттары; - Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары; - Білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар.
Кәсіби қызмет пәні	- Оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру - Географиялық зерттеулер және мониторинг; - Білім беруді басқарудағы инновациялық процестерді сүйемелдеу жөніндегі қызмет.
Кәсіби қызмет түрлері	- Білім беру (педагогикалық); - Оқу-тәрбиелік; - Оқу-технологиялық; - Әлеуметтік-педагогикалық; - Ғылыми-зерттеушілік; - Ұйымдастырушылық және басқарушылық.
Оқыту нәтижелері	ОН1. Ғылымда оның дамуының қазіргі кезеңінде туындайтын негізгі дүниетанымдық және әдіснамалық мәселелерді, оның ішінде пәнаралық сипаттағы мәселелерді талдау, ғылым философиясының ережелері мен категорияларына негізделген әртүрлі фактілер мен құбылыстарды бағалау; ОН2. Ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, мәселелерді және шешімдерді мамандық және мамандыққа қатыссыз тұлғааралық қарым-қатынаста шет тілін қолдануды жеткізу; ОН3. Ұйымдағы персоналды тиімді пайдалану, бұқаралық мінез-құлықты басқарудың әлеуметтік-психологиялық технологияларын меңгеру; ОН4. Ғылыми-зерттеу әдістемелерін, географиялық пәндер саласында оқытудың тиімді әдістемелері мен жасанды интеллектіні қолдану, Жоғары мектеп педагогының еңбегін ғылыми ұйымдастыруды сыни тұрғыдан бағалау; ОН5. Табиғатта және қоғамда байқалатын физикалық және әлеуметтік-экономикалық процестерді сипаттау кезінде тұрақты даму контекстінде география ғылымының заманауи жетістіктерін пайдалану; ОН6. Статистикалық, экономикалық және әлеуметтік деректер мен географиялық зерттеу әдістерінің мониторингі негізінде өңірлік және жергілікті деңгейлерде табиғи, табиғи-антропогендік, экономикалық және аумақтық-өндірістік жүйелерге сараптама жүргізу;

	<p>ОН7. Оқытудың озық технологиялары мен жасанды интеллект негізінде білім беру сапасын бақылаудың нысандары мен әдістерін, бақылау-өлшеу құралдарының әртүрлі түрлерін жобалау және іске асыру;</p> <p>ОН8. География ғылымының әдіснамалық негіздерін меңгергендігін көрсете отырып, зерттеу және педагогикалық міндеттерді шешу.</p>
--	---

3.БББ БІТІРУШІ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFTSKILLS).	
Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер	
ЖҚ1. Өз сауаттылығын басқарудағы құзыреттілік	<p>ЖҚ1.1. Таңдаған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті.</p> <p>ЖҚ1.2. Кәсіби салада ойын, сезімін, фактілер мен пікірлерін айта білу.</p> <p>ЖҚ1.3. Заманауи әлемде ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.</p>
ЖҚ2. Тілдік құзыреттілік	<p>ЖҚ2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құра білу қабілеті.</p> <p>ЖҚ2.2. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.</p>
ЖҚ3. Математикалық және ғылым саласындағы құзыреттіліктер	<p>ЖҚ3.1. Кәсіби міндеттерді шешуде жоғары оқу орнында математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу барысында алған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдана білу қабілеті мен дайындығы.</p>
ЖҚ4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	<p>ЖҚ4.1. Өмірінің барлық салаларында мен кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту қабілеті.</p> <p>ЖҚ4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет ресурстарын, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлттық және мобильді қызметтерді пайдалану қабілеті.</p>
ЖҚ5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	<p>ЖҚ5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмір салтына бағдарлау қабілеті.</p> <p>ЖҚ5.2. Азаматтық пен адамгершіліктің көрінісі негізінде әлеуметтік-мәдени дамуға қабілеті.</p> <p>ЖҚ5.3. Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби табысқа жету үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті.</p> <p>ЖҚ5.4. Оқу, жұмыс кезінде, үйде және бос уақытта барлық әлеуметтік-мәдени контексттердің әртүрлілігінде табысты өзара әрекеттесу қабілеті.</p>
ЖҚ6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	<p>ЖҚ6.1. Әртүрлі ортада шығармашылық және іскерлік көрсеті қабілеті.</p> <p>ЖҚ6.2. Белгісіздік режимінде және тез өзгеретін мақсат жағдайында жұмыс істеу, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және өзінің уақытын басқару қабілеті.</p> <p>ЖҚ6.3. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.</p>
ЖҚ7. Мәдени хабардарлық және өзін-өзі көрсету	<p>ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті.</p> <p>ЖҚ7.2. Әлемнің басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне</p>

қабілеті	толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.
----------	--

Кәсіби құзыреттіктері (КҚ): (HARDSKILLS) Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теориялық білімдер және тәжірибиелік дағдылар, қабілеттер	
КҚ1. Ғылыми-зерттеу	<ul style="list-style-type: none"> - Өркениеттің дамуындағы ғылымның рөлін түсінуге, ғылыми-техникалық негізделген әлеуметтік проблемаларды ғылыми рационалдылық және оның тарихи қағидалары бойынша корреляциясын анықтау қабілеті; - Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және жүргізу барысында цифрлық құралдарды қолдана алу мүмкіндігі.
КҚ2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық	<ul style="list-style-type: none"> - Білім және ғылым саласындағы ұйымдастыру-басқару жұмысында заманауи білім мен жасанды интеллектті қолдануға дайын болу; - Білім беру ұйымдарында және одан тыс мекемелерде ғылыми-әдістемелік іс-шараларды дайындау, өткізу және оған қатысу.
КҚ3. Жобалық және өндірістік	-Қолданбалы зерттеулер жүргізу кезінде географиялық ақпаратты өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістерін қолдануға қабілетті болу;
КҚ4 Педагогикалық және әкімшілік	<ul style="list-style-type: none"> - Оқу үрдісін жобалауға және ұйымдастыруға, бейіндік оқытуға байланысты географиялық білім мазмұнын таңдау мүмкіндігінің болуы; - Жоғары оқу орындарында, колледждерде және басқа да оқу орындарында географияны оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын таңдауда, бейімдеуде және өзгертуде құзыретті болу. - Жасанды интеллект пен заманауи цифрлық құралдарды пайдалана отырып, ғылыми-педагогикалық құжаттамаларды, есептерді, сараптамалық шолуларды, баяндамалар мен ғылыми мақалаларды сауатты құрастыру және ресімдеу қабілетінің болуы.
КҚ5 Инновациялық	<ul style="list-style-type: none"> - қызметтің әртүрлі салаларында жаңа технологияларды әзірлеуде оң шешімдерді қабылдай алу және инновациялық коммерциялық тәуекелдерді бағалау қабілетінің болуы; - ғылыми ұжымдардың инновациялық қызметін ұйымдастыруда жасанды интеллект негізінде жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлей алуы; -география саласында жаңа білім беру және зерттеу тәсілдерін әзірлеу кезінде жасанды интеллектке негізделген инновациялық технологиялар мен шешімдерді қолдана алуы.

3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
ЖҚ1	+	+	+				+	+
ЖҚ2	+	+	+				+	+
ЖҚ3				+	+	+		
ЖҚ4				+	+	+		+
ЖҚ5		+	+	+				
ЖҚ6		+	+	+				
ЖҚ7	+				+	+	+	
КҚ1	+					+	+	
КҚ2				+				
КҚ3						+	+	
КҚ4					+			+
КҚ5	+		+					+

4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы

Модуль атауы	Циклі	Компоненті	Пәннің аталуы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын ОН (кодтары)							
						ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
Базалық пәндер циклі													
ЖОО компоненті													
Ғылыми және педагогикалық дайындық модулі	БП	ЖК	Ғылым тарихы мен философиясы)	<p>Пәннің мақсаты: Ғылым феноменінің мәселелерін арнайы философиялық талдау пәні ретінде, әлеуметтік-мәдени контексте алынған ғылыми білімді өндіруге арналған арнайы іс-әрекеттің даму заңдылықтары мен тенденцияларын зерттеу.</p> <p>Мазмұны: Ғылым тарихы мен философиясының негізгі мәселелерінің ерекшелігі мен байланысын анықтау. Ғылымның даму заңдылықтарын және ғылыми білімнің құрылымын, ғылыми зерттеу әдістерін зерттеу. Ғылым дамуының классикалық емес және постклассикалық кезеңінің негізгі тұжырымдамалары мен бағыттарын білу. Жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық және техникалық білім әдістемесін түсіну негізінде қазіргі теория мен практиканың шындықтарын талдау. Сыни тұрғыдан ойлау қазіргі қоғамның дамуы мен жұмыс</p>	4	✓							

			істеуінің алғышарты ретінде. Сыни ойлауды дамыту технологиялары: аргументтер логикасын қарастыру және зерттеу. Сыни рефлексивті ойлау мен метакогнитивті қабілеттердің қалыптасуы.										
БП	ЖК	Шет тілі (кәсіби)	<p>Пәннің мақсаты: Кәсіби қызметте тілді белсенді меңгеру дағдылары мен дағдыларын одан әрі дамыту негізінде шет тілінде білім берудің халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі тереңдету.</p> <p>Мазмұны: В2, С1 деңгейлері кәсіби және академиялық мақсаттар үшін ПРАГМА-кәсіби бағыт түрінде жоғары деңгейде ұсынылған: ғылыми-ақпараттық база, ғылыми ақпаратты түсіндіру, дәлелдеу, сендіру, ғылыми полемика, академиялық жазу. Инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану, заманауи құралдарды, Интернет-ресурстарды тарту.</p>	4		✓							
БП	ЖК	Басқару психологиясы	<p>Пәннің мақсаты: Психологиялық менеджмент саласындағы білімді игеру және ұйымның адами ресурстарын басқару дағдыларын дамыту.</p> <p>Мазмұны: Басқарудың психологиялық теорияларын дамыту. Қызметкерлердің психологиялық сипаттамасы. Қызметкерлерді ынталандыру психологиясы. Ұйымның адам ресурстарын басқару технологиялары. Ұйымның кадр саясатын психологиялық қамтамасыз ету. Ұйымдағы жанжал психологиясы. Тұлғаның кәсіби деформациясының алдын алу технологиялары. Диагностикалық құралдарды құру, басшыларды даярлаудың, басқарушылық кеңес берудің цифрлық әдістерін әзірлеу түрінде</p>	3			✓						

	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы және психологиясы	<p>практикалық іске асыру.</p> <p>Пәннің мақсаты: қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық білімдер негізінде жоғары оқу орнында кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру бойынша магистранттардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Жоғары білімнің қазіргі парадигмалары. Қазақстандағы жоғары білім берудің тарихы, тенденциялары мен даму стратегиялары. Жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясының пәні, міндеттері, категориялары. Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясының әдіснамалық негіздері. ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігі. ЖОО оқытушысының коммуникативтік құзыреттілігі. Жоғары мектеп дидактикасы. Колледж жасындағы психологиялық ерекшеліктер. Университеттегі оқу процесі және оның заңдылықтары. ЖОО-дағы білім мазмұны. ЖОО - да оқу процесін ұйымдастыру нысандары. ЖОО-да оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және іске асыру технологиялары. Кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктері. Оқыту әдістемесі мен әдістері.</p>	5				✓			✓	
Оқытудың әдістемелік негіздері модулі	КП	ЖК	Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі	<p>Пәннің мақсаты: Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда болашақ педагогикалық қызметке магистранттардың кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін және әдістемелік даярлығын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Мақсаттарды құру ерекшеліктері, мазмұны, қазіргі заманғы</p>	5				✓			✓	

				әдістерді, әдіснамаларды және бейіндік пәндерді оқытудың ұйымдастырушылық формаларын қолдану. Жасанды интеллект негізінде сабақтарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі. Курс бағдарламаларын, бейіндік пәндерді әдістемелік қамтамасыз етуде жасанды интеллектіні қолданудың маңызы. Жоғары оқу орнында жүргізілетін арнайы пәндер бойынша оқу сапасын және бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуде жасанды интеллектті қолдану әдістемесі. Кәсіптік пәндерді оқытуда жасанды интеллект негізінде табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын болжау, мәліметтерді талдау және картография саласындағы жаңа әдістерді енгізу.										
			Педагогикалық практика	<p>Практиканың мақсаты: Педагогикалық шеберлікті меңгеру, жоғары мектепте оқытушылық және оқу-тәрбие қызметін өз бетінше жүргізу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Университеттің жетекші оқытушыларының оқыту тәжірибесін зерттеу. Оқу сабақтарын өз бетінше өткізу, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына басшылық жасау. Эмпирикалық материалды жинау және жинақтау, білімді құрылымдау, жүйелеу және оларды әртүрлі тәсілдермен ұсыну дағдыларын қолдану. Көпшілік алдында сөйлеу және есеп беру құжаттамасын ұсыну дағдыларын жетілдіру.</p>	4								✓	✓
Базалық пәндер циклі														
Таңдау компоненті														
	БП	ТҚ	Тұрақты даму контекс	Пәннің мақсаты: тұрақты даму контекстінде заманауи географиялық түсініктерді қалыптастыру.	4						✓	✓		

География ны оқытудағы жаңа инновация лық технология лар модуль		тіндегі география ғылымы	Мазмұны: Табиғи және мәдени мұралар - негізгі географиялық категория ретінде. Қазіргі география ғылымы және тұрақты даму контексті. Тұрақты, экологиялық теңгерімді дамытудың шарты. География ғылымының тұрақты даму Тұжырымдамасы шеңберіндегі жаһандық және аймақтық мәселелері. Тұрақты даму Тұжырымдамасы және география ғылымының байланысы.										
	БП	ТК	Қазіргі дүние жаһандануы және саяси география Пәннің мақсаты: Саяси географиядағы қазіргі әлемнің жаһандануы, оның экологиялық, экономикалық және саяси процестері мен проблемалары туралы білімді тереңдету. Мазмұны: Қазіргі әлемнің жаһандану мәселелері және саяси география құрылымының формалары. Саяси география және геосаяси процестерді дамытудың негізгі мәселелері. Экономикалық интеграцияның геосаяси және географиялық аспектілері. Қазіргі саясаттағы халықаралық және сыртқы экономикалық қатынастар. Жаһанданудың қозғаушы күштері, жаһандық проблемалардың саяси-географиялық «өлшемі».	4						✓			✓
	БП	ТК	Географияны оқыту үдерісіндегі білім берудің жаңа технологиялары	Пәннің мақсаты: Географияны оқыту процесінде жаңа білім беру және бағалау технологияларын зерттеу. Мазмұны: Оқытудың заманауи технологиялары және жасанды интеллект, олардың айрықша сипаттамалары мен ерекшеліктері. Оқу процесінде жаңа технологиялар мен жасанды интеллектіні	6				✓	✓			

				қолдана отырып, танымдық белсенділік пен құзыреттілікті қалыптастыру. Сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологияларын қолдану. Білім беру процесі мен білім беру нәтижелерін жасанды интеллект негізінде бағалау әдістері.									
	БП	ТК	Географиялық білім берудің теориялық негіздері	Пәннің мақсаты: Географиялық білім берудің теориялық негіздері, жаһандану мәселелері және оның қазіргі географияда көрініс табуы туралы білімді қалыптастыру. ғылыми ойлауды дамыту. Мазмұны: Географиялық ойдың эволюциясы. Ғылыми ізденіс бағыты. География ғылымындағы теориялық зерттеулердің рөлі. Географиядағы кеңістіктік ойлау үрдісі. Әлем елдеріндегі университеттік географияның негізгі модельдері. ҚР-да жалпы географиялық білім беруді дамыту тұжырымдамасы	6				✓	✓			
Географиялық заңдылықтар модулі	БП	ТК	Табиғатты пайдалануды аумақтық жоспарлау және басқару	Пәннің мақсаты: География ғылымында табиғатты пайдаланудың аумақтық жоспарын және басқару моделін құру дағдыларын дамыту. Мазмұны: Аумақтық жоспарлаудың түсінігі мен мәні. Аумақты кешенді бағалау аумақтық жоспарлаудың негізі ретінде. Табиғатты пайдалануды аумақтық жоспарлаудың негізгі аспектілері. Табиғатты пайдалануды басқару механизмінің негізгі компоненттері. Аумақтың табиғи-ресурстық әлеуеті. Су және топырақ-жер ресурстары, оларды орналастыру және пайдалану мүмкіндіктері. Жер қойнауы ресурстары, өсімдіктер ресурстары және жануарлар	5					✓	✓		

				дүниесі ресурстары, оларды орналастыру және пайдалану мүмкіндіктері.										
	БП	ТК	Топырақ эрозиясы мен деградациясы	<p>Пәннің мақсаты: Қазіргі топырақ қабатының өзгеру салдарының себептері, эрозиялық және деградациялық процестердің пайда болуы және оларды шешу жолдары зерттеледі.</p> <p>Мазмұны: Топырақтың эрозиялық деградация процестері: эрозия және дефляция процестері, топырақтың деградация түрлері, олардың пайда болу және даму себептері, топырақты қорғау шаралары. Эрозиялық-аккумулятивті процестердің теориялық негіздері. Топырақты эрозия мен дефляциядан қорғаудың экологиялық және экономикалық аспектілері. Эрозияға ұшыраған және эрозияға қауіпті жерлерді экологиялық теңгерімді пайдалану бойынша практикалық міндеттерді шешу.</p>	5					✓	✓			
Кәсіптік пәндер циклы														
Таңдау компоненті														
Географиялық заңдылықтар модулі	КП	ТК	Географиядағы болжау және үлгілеу	<p>Пәннің мақсаты: Географиялық зерттеудің заманауи әдістері туралы білімді тереңдету шеңберінде географиялық болжау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Географиядағы үлгілеу негіздері. Географиялық заңдылықтар және үлгілеу процесі. Үлгілердің жіктелуі. Математикалық-картографиялық модельдеудің ерекшеліктері. Модельдеуде геоақпараттық жүйелерді қолдану. Өнеркәсіпті орналастыру моделі. Қала географиясының модельдері. Табиғи жүйелерді құрылымдық талдау. Географиялық болжаудағы тәуекелді</p>	4					✓				

			бағалау. Модельдерді эксперименттік құру және талдау										
КП	ТК	Жердің дамуы және географиялық заңдылықтар	<p>Пәннің мақсаты: Жер дамуының географиялық заңдылықтарын зерттеудің ғылыми тәсілдерін қолдану қабілетін қалыптастыру; ғылыми зерттеу дағдыларын дамыту</p> <p>Мазмұны: Жердің дамуындағы өзіндік тұжырымдар мен көзқарастарды қалыптастыру. Жер планетасының пішінін қалыптастыру дағы эндогендік және экзогендік процестердің рөлі. Жердің қалыптасуындағы жалпы географиялық заңдылықтардың мәні мен маңызы. Күн жүйесіндегі жер. Географиялық қабықтың дамуы және оның жіктелуі. Зат пен энергия айналымы. Ландшафт қалыптастыру процестері. Ғарыштық болжамдар: Жердің ғаламдық эволюциясы теориясы. Мобилизм; аймақтық, азондық және интразоналды заңдар және олардың көріністері.</p>	4					✓	✓			
		Зерттеу практикасы	<p>Мақсаты: Алынған теориялық білімді бекіту және ғылыми мәселені анықтау және тұжырымдау, оны зерттеу және шешу жолдарын негіздеу үшін практикалық дағдылар мен тәжірибені меңгеру.</p> <p>Мазмұны: Ғылымның заманауи әдіснамасына сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру, магистрлік жобаның қолданбалы міндеттеріне сәйкес ғылыми зерттеулер жүргізудің кезеңділігі мен логикасын сақтау. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ғылыми жарияланымдар түрінде эксперимент теу және жалпылау, пікірталас барысында өз</p>	6				✓					✓

				ұстанымын қорғау және кәсіби сипаттағы шешімдер қабылдау қабілетін дамытады. Зерттеушілік және танымдық құзыреттілігін қалыптастырады.									
География ғылымының теориясы мен практикасы модулі	КП	ТК	Географиялық зерттеу әдістері	Пәннің мақсаты: Табиғат және табиғи-антропогендік жүйелер саласында географиялық зерттеулер жүргізу әдістері, ғылыми зерттеу әдіснамасы туралы білімді тереңдету, ғылыми ойлауды дамыту Мазмұны: Табиғи және табиғи-антропогендік жүйелерді географиялық зерттеу әдістері. Географияны зерттеу әдістері мен әдістері, географиялық зерттеу әдістерінің жіктелуі. Ландшафтты далалық зерттеулер ретінде зерттеу әдістері. Өлеуметтік және экономикалық зерттеулер.. Табиғи ортаны зерттеудегі заманауи технологиялар (ГАЗ, қашықтықтан зондтау және т.б.).	6				✓				✓
	КП	ТК	Географиялық зерттеудің теориясы мен практикасы	Пәннің мақсаты: Магистранттардың Географиялық зерттеулер теориясы мен практикасы туралы білімдерін тереңдету және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны. Ғылыми-зерттеулердің теориясы мен практикасы. Табиғи және табиғи-антропогендік жүйелерді географиялық зерттеу әдістері. Табиғи орта мен қоғамды зерттеу әдістері туралы жалпы түсініктер. Табиғат пен қоғамдағы құбылыстардың өзара байланысы өндірістік күштердің аумақтық үйлесімдерін анықтау мен талдаудың теориялық алғышарттарының негізі ретінде.	6				✓				✓
	КП	ТК	Заманауи білім беру	Пәннің мақсаты: Заманауи білім беру бағдарламаларын модельдеу кезінде	6				✓				✓

		бағдарламаларын модельдеу технологиясы	әдіснамалық және шығармашылық кәсіби ойлауды дамыту. Мазмұны: «Білім беруді ақпараттандыру» ұғымдары мен анықтамасы. Заманауи білім беру бағдарламаларының заманауи технологияларын пайдалану принциптері; білім беру бағдарламаларын модельдеу технологиясындағы ғылыми әлеует. Жасанды интеллект негізінде үздіксіз білім беру жүйесін құрудың әртүрлі теорияларын, тұжырымдамаларын, тәсілдерін талдау және бағалау әдістері. Жасанды интеллект негізінде білім беру бағдарламаларын модельдеудің заманауи технологиялары.									
КП	ТК	Географиялық білім берудің қазіргі парадигмалары	Пәннің мақсаты: Кәсіби ойлаудың әдіснамалық және шығармашылық бағытын және кәсіби қызметте географиялық білім беру парадигмалары саласында білім алушылардың жүйелі білімі мен дағдыларын пайдалануға дайындығын дамыту, Мазмұны: Білім беру процесінің логикалық құрылымы. География мұғалімі мен оқушының әртүрлі оқу үлгілеріндегі функциялары. Географиялық білім берудегі тұлғаға бағытталған, белсенді, мәдени және құзыреттілік тәсілдерді жүзеге асырудың тиімді технологияларын таңдау.	6				✓			✓	
КП	ТК	Географияның теориялық және әдіснамалық мәселелері	Пәннің мақсаты: Өзара байланысты жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдардың тұтас жүйесі негізінде географияның әдіснамалық мәселелерін қарастыру. Мазмұны: География ғылымдарының философиялық және әдіснамалық	6				✓			✓	

				мәселелері. Географияның өзара байланысты табиғи және әлеуметтік пәндердің біртұтас жүйесі ретіндегі теориялық идеясы. География ғылымының заманауи әдіснамалық негіздері мен мәселелері. Географияны теориялау мәселесін шешудің тәсілдері: белсенділік, модель, кибернетикалық, жүйелік, геоситуациялық тәсілдер, теориялық география тұжырымдамасы.									
	КП	ТК	Қазіргі геоморфологияның тарихы мен әдіснамасы	Пәннің мақсаты: геоморфологияның объективті білімін және оның дамуының қазіргі бағыттарын ұсыну. Мазмұны: Рельефті зерттеу мен жіктеудің әдіснамалық принциптері. Геоморфологиялық зерттеулердің негізін қалаушылар. Қазіргі рельефтің қалыптасу тарихының ерекшеліктері. Морфоскульптура дәрежесі мен рельефінің ерекшеліктері. Геоморфологиядағы кеңістіктік-уақыттық талдау. Геоморфологиядағы жүйелік талдау. Геоморфологиялық болжам.	6					✓	✓		
«Тұрақты Даму» Концепциясы және география ғылымының қазіргі мәселелері	КП	ТК	Табиғи апаттар және геодинамикалық үрдістер	Пәннің мақсаты: Магистранттардың геодинамикалық процестер, оларды болжау және салдарын модельдеу әдістері, қорғау шаралары мен әдістерін анықтау туралы білімдерін қалыптастыру. Мазмұны: Геодинамикалық процестер және олардың салдары. Геодинамикалық процестерді болжау және модельдеу әдістері. Алдын алу шаралары және қорғау әдістері. Табиғи апаттар. Төтенше жағдайлардың алдын алу және зардаптарын жою. Жаһандық қауіптер мен жердегі Төтенше жағдайлар. Агроклимат - тық қауіптер мен қауіптер. Әр түрлі қауіпті процестердің қарқындылығын	5					✓	✓		

			анықтау әдістері және олардан болатын қауіпті азайту шаралары.										
КП	ТК	Ландшафттану және геожүйелер туралы ілім	<p>Пәннің мақсаты: Ландшафттану мен геожүйелік оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Ландшафттану негіздерін қалыптастыру теориясы мен тарихы және геожүйелер туралы ілімдер. Географиялық қабықты жүйелі танудың физика-географиялық принциптері. Геожүйелік-массивтік қатынастың мәні. Геомер, геохор, геотоп ұғымдары туралы түсінік. Геожүйе-өзара байланысты компоненттер жиынтығы. В.Б.Сочава геожүйелер туралы ілімді тұжырымдауда. Дж.Бертранның пейзаждары. А.Ю.Ретеюм ұсынған ядролық геожүйенің тұжырымдамалары.</p>	5					✓	✓			
КП	ТК	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жоспарлау	<p>Пәннің мақсаты: Нақты факторларды егжей-тегжейлі талдау негізінде ғылыми зерттеулерді әзірлеу және іске асыру дағдыларын дамыту. Ғылыми ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту</p> <p>Мазмұны: Ғылыми-зерттеулердің жіктелуі: іргелі және қолданбалы, ғылыми зерттеулердің мәні. Зерттеудің формалары мен әдістері: эксперименттік, әдістемелік, сипаттамалық, эксперименттік-аналитикалық, теориялық және эмпирикалық зерттеу деңгейлері. Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру, ғылыми-зерттеулер жүргізу кезеңдері және оларды өңдеу. Зерттеудің әдіснамалық және процедуралық бөлімдері.</p>	5	✓								✓
КП	ТК	Ғылыми жобаларды басқару	<p>Пәннің мақсаты: Ғылыми жобаларды әзірлеу және іске асыру дағдыларын дамыту.</p>	5	✓								✓ ✓

			<p>Мазмұны: Жобаны басқарудың негізгі түсініктері: жобаны басқару, жобаның сәттілігі. Жобаларды басқару стандарттары: ұлттық және халықаралық. Жобаларды басқарудың ұйымдастыру - шылық құрылымдары. Функционалды, жобаға бағытталған және аралас құрылымдар. Жобалардың тиімділігін бағалау. Жобаны жоспарлау. Жобаның құнын басқару. Жобаны бақылау және реттеу. Жобаны аяқтау..</p>										
КП	ТК	Түркістан облысының киелі жерлер географиясын зерттеудің ғылыми теориялық негіздері	<p>Пәннің мақсаты: Түркістан облысының киелі жерлер географиясының ғылыми-теориялық негіздерін айқындау негізінде зерттеу жүргізу және зерделеу деңгейіне сараптама жүргізу.</p> <p>Мазмұны: Түркістан облысының киелі орындары. «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасы және облыстың киелі географиясы. Білім мен тәрбиедегі қасиетті орындар географиясының маңызы. Киелі жерлерді зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Қасиетті орындар мемлекеттің ұлттық бірегейлігін қалыптастыру құралы ретінде. Түркістан облысының халықаралық, ұлттық және жергілікті деңгейдегі киелі орындарының мәртебесін ғылыми анықтау.</p>	5						✓			✓
КП	ТК	Табиғатты басқару мен болжаудың географиялық мәселелері	<p>Пәннің мақсаты: Қазіргі экологиялық менеджменттің негізгі даму тенденцияларын қарастыру, проблемалық мәселелерді шешудегі экономикалық географияның рөлін, орны мен маңыздылығын анықтау.</p> <p>Мазмұны: Қоршаған ортаны басқару мен болжаудың географиялық мәселелері. Ресурстар мен аймақтарды басқарудың</p>	5						✓			✓

			аумақтық мәселелері. Постиндустриалды әлемнің экологиялық мәселелері. Әлемдік өркениет дамуының қазіргі кезеңінің жаһандық мәселелері. Қазіргі әлемнің тұрақты даму Тұжырымдамасы. Аймақтық басқарудың ерекшеліктері мен тұрақты аймақтық дамуы.										
КП	ТК	Заманауи географияның өзекті мәселелері	Пәннің мақсаты: қазіргі география ғылымын дамытудың негізгі проблемалары мен бағыттарымен таныстыру және әртүрлі географиялық мамандықтар бойынша оқытудың жалпы әдіснамалық алғышарты болу Мазмұны: географиялық білімнің әдіснамалық-мәдени негіздері. Қазіргі географиядағы білім мәселелері. Қазіргі географияның тұжырымдамалық және әдіснамалық негіздері. Жерді дамытудағы жаһандық проблемалар. Минералды ресурстармен жағдай. Минералды емес ресурстарды аумақтық ұйымдастырудың негізгі негіздері. Азық-түлік ресурстары.	5				✓	✓				
КП	ТК	Географияны оқыту әдістерінің дидактикалық негіздері	Пәннің мақсаты: географияны оқытудың дидактикалық негіздерін және оқыту әдістерін жетілдіру жолдарын қарастыру. Мазмұны: дидактикалық процестің негіздері, оның заңдылықтары, принциптері, құрылымдық компоненттері және олардың функциялары. Оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолданған кезде мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің мазмұны. Географияны оқыту әдістемесінің дидактикалық ерекшеліктері. Географияны оқыту құралдары және оларды оқу процесінде қолдану. Географияны оқытудағы ғылыми-зерттеу	5				✓			✓		

			тәсілі.										
Ғылыми-зерттеу жұмысы және қорытынды аттестация модулі		Тағылымда мадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Таңдалған зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ізденістер мен нақты ғылыми мәселелерді өз бетінше шешу. Магистрлік жұмыстың негізгі бөлімдері: теориялық-әдіснамалық және зерттеушілік. Нәтижелердің сенімділігіне баға беру және отандық және шетелдік жұмыстардың ұқсас нәтижелерімен салыстырмалы түрде бағалау жүргізу. Алынған нәтижелерді талдау, қорытындылар және ұсыныстар жасау.	24							✓		✓
		Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	Педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі берілетін диссертацияларға қойылатын негізгі талаптарды үйретеді. Зерттеу тақырыптарын таңдайды. Диссертация жазу және ғылыми ақпараттарды жинақтаудың негізгі кезеңдеріне дайындық. Зерттеу бойынша жұмыстар: мақсаты мен міндеттерін, зерттеу тақырыбы мен нысанын анықтау, гипотезаны қалыптастыру, болжамды бағалаудың өлшемдерін анықтау; зерттеудің әдістемелік базасын және әдістерін анықтау, бастапқы ақпаратты жинау және өңдеу. Зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды, баяндамалар тезистерін жариялау. Диссертациялық жұмыс. Магистранттарды қорғауға дайындау.	8	✓	✓							✓

**5.Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген
кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте**

Оқу курсы	Семестр	Меңгерілген модульдер саны	Оқылатын пәндер саны		KZ кредиттер саны					Барлы ғы сағатп ен	Барлығы кредит KZ	Саны	
			МК	ТК	Теория лық оқу	Педагогикалық практика	Зерттеу практи касы	МҒЗЖ	Қорытын ды аттестат тау			емти хан	диф. сынақ
1	1	4	5	2	29			1		900	30	6	2
	2	4		4	23	4		3		900	30	4	2
2	3	3		5	26		6	3		1050	35	5	2
	4	1						17	8	750	25	1	1
барлы ғы			5	11	78	4	6	24	8	3600	120	16	7

6. Оқыту стратегиясы, әдістері мен жасанды интеллект, бақылау және бағалау

<p>Оқыту стратегиясы</p>	<p>Магистрантқа бағытталған оқыту: білім алушы оқытудың/үйретудің орталығы және оқыту мен шешім қабылдау үрдісінің белсенді қатысушысы.</p> <p>Тәжірибеге бағытталған оқыту: тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағыттау</p>
<p>Оқыту әдістері</p>	<p>Дәрістер, семинарлар, әртүрлі тәжірибе түрлерін өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • инновациялық технологияларды қолдану; • проблемалық оқыту; • кейс-стади; • топта және шығармашылық топтарда жұмыс істеу; • пікірталастар мен диалогтар, интеллектуалдық ойындар, жарыстар, викториналар; • рефлексия әдістері, жобалар, салыстыру; • блум таксономиясы; • презентациялар; • ақпарат көздерін ұтымды және шығармашылықпен пайдалану; • мультимедиялық білім беру бағдарламалары; • электронды оқулықтар; • сандық ресурстар; • машиналық оқыту әдістері <p>Студенттердің өзіндік жұмысын, жеке кеңес беруді ұйымдастыру.</p>
<p>Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</p>	<p>Ағымдағы бақылау пәннің әрбір тақырыбынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылау бойынша жүргізіледі (силлабусқа сәйкес).</p> <p>Бағалау формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • сабақтардағы сұрау; • оқу пәні бойынша тестілеу; • бақылау жұмыстары; • өзіндік шығарамышылық жұмысты қорғау; • дискуссиялар; • тренингтер; • коллоквиумдар; • эссе жазу т.б <p>Аралық бақылау бір оқу пәні бойынша тек бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес өткізіледі.</p> <p>Аралық аттестация академиялық күнтізбеге сәйкес, оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.</p> <p>Өткізу түрлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тестілеу түріндегі емтихан; • ауызша емтихан; • жазбаша емтихан; • аралас емтихан; • жобаны қорғау; • практика бойынша есеп қорғау. <p>Қорытынды мемлекеттік аттестациялау</p>

БББ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

<p>Ақпараттық-ресурстық орталық</p>	<p>АБО құрылымында 6 абонемент, 16 оқу залы, 2 электрондық ресурстық орталық (ЭРЦ) бар. АБО желілік инфрақұрылымының негізін Интернетке шығатын 180 компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 бейнесабак, 1 бейнеконференцбайланыс жүйесі, А-4, 3 форматындағы 3 сканер құрайды. «ИРБИС - 64» АБО-АИБС MSWindows бағдарламалық жасақтамасы (6 модульден тұратын базалық жинақ), ИРБИС жүйесінде үздіксіз жұмыс істеуге арналған автономды сервер.</p> <p>Кітапхана қоры сайтта пайдаланушылар үшін қолжетімді электронды каталогта көрсетілген http://lib.ukgu.kz on-line режимінде 24 сағат аптасына 7 күн.</p> <p>Өзіндік генерацияның тақырыптық мәліметтер базасы құрылған: «Almamater», «ОҚМУ ғалымдарының еңбектері», «Электрондық мұрағат».Сыртқы сілтеме арқылы 24/7 режимінде кез келген құрылғыдан Онлайн қол жеткізу http://articles.ukgu.kz/ru/pps.</p> <p>Электронды түрде каталогтармен жұмыс. ЭК 9 деректер базасынан тұрады: Кітаптар, мақалалар, мерзімді басылымдар, ОҚУ ПОҚ еңбектері, сирек кітаптар, электрондық қор, ОҚУ баспасөздері, оқырмандар ТО.</p> <p>АБО өз пайдаланушыларына Жеке электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын ұсынады: АБО каталогтар залы мен бөлімшелеріндегі «Электрондық каталог» терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі арқылы; кітапхананың web-сайтында қашықтықтан режимде http://lib.ukgu.kz/.</p> <p>Халықаралық және республикалық ресурстарға: «SpringerLink», «Өкілетті өкіл», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф», ашық қолжетімділіктегі ғылыми журналдардың электрондық нұсқаларына, «Заң», «РМЭБ», «Әдебиет», «Акпигресс», «Smart-kitar», «Kitar.kz» және т.б.</p> <p>АБО-да ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кітапхана сайты көру қабілеті нашар пайдаланушылардың жұмысына бейімделген</p>
<p>Материалдық-техникалық база</p>	<p>Интерактивті тақтасы бар мамандандырылған кабинет - 204, 205, 106, 208. Оқу аудиториялары - 201,203, 301, 303 (№7 корпус, Байтұрсынов көшесі).</p> <p>Өрлеу» БАҰО АҚ «Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы Шымкент қаласы.</p> <p>«Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі», шымкент қаласы.</p> <p>Ө.Жәнібеков ат.ОҚПУ, «География» кафедрасы, Шымкент қаласы</p>

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

7М01560 – География білім беру бағдарламасы бойынша

АкМЖД директоры _____ Наукенова А.С.

АҒД директоры _____ Назарбек Ұ.Б

КжЖД директоры _____ .Бажиров Т.С